

ПРОФИЛЬДІК ОҚЫТУДАҒЫ МҰҒАЛІМНІҢ ҚҰЗЫРЛЫҒЫ

Хамзина К.Б.

Қазақстан, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Бүгінгі күні көкейтесті болып отырған білімнің құзырлылық ұстанымын жүзеге асыру құралы ретінде педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерінің алар орны ерекше. Әрекетке негізделген технологиялық оқыту танымдық белсенділігі жоғары, өмірдің әртүрлі мәселелерінен хабардар, кез-келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін құзырлы азаматтарды қалыптастырады.

Профильдік білім беру – мектептегі жоғары сыныптар оқушыларының арнайы кәсіптік дайындығы. Бұл кәсіптік дайындық оқытудың жеке даралығына және әлеуметтендіруіне бағытталған.

Профильдік оқыту – жеке-дара, дифференциацияланған оқытудың ерекше түрі және жоғары сынып оқушыларының оқу іс-әрекетінің, олардың мүдделерін, ерекшеліктерін, қабілеттерін ескере отырып жүргізетін ұйымдастыру формасы және бұл жерде оқушылардың танымдық және кәсіптік қабілеттеріне сәйкес жан-жақты дамуына жағдай жасау болып табылады.

Профильдік оқытудың ұйымдастыру жолдарына тоқталсақ:

- 9-сынып оқушыларының жеке тұлғасына арналған мүдделерін, бағыттарын зерттеу;
- анықталған мүдделерінің негізінде профильдік топтарды құру;
- қалыптасқан профильдік бағыттарға сәйкес оқу үрдісін ұйымдастыру (дәріс, сынақ, семинар, курстық жұмыстар, сұхбат, коллоквиум, рейтингті бағалар, видеофильмдер, электрондық тесттер, ғаламтор және электрондық оқулықтар, қосымша әдебиеттерді пайдалану).

Мектептің 12-жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайында негізгі мәселелердің бірі – профильдік мектептің құзырлығы болып табылады.

Әдіснамалық деңгейге соңғы кездері қолданысқа «құзырлылық» ұғымы еніп отыр. Ғылыми әдебиеттерде құзырлылық қайсыбір тапсырманы орындай алуға қабілеттілік, оқушының қалыптасып үлгерген жеке сапасы мен тәжірибесінің жиынтығы ретінде қарастырылады. Құзырлылық дегеніміз оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі.

Педагогика ғылымында профессионалдық құзырлылық еңбегінің жемістілігін анықтайтын білімі мен біліктілігінің жиынтығы, тапсырманы орындаудағы дағды көлемі, білім кешені мен профессионалдық тұлғалық сапасы, профессионалдық векторы, теориялық, білімдік және профессионалдық дайындығының бірлігі, жоғары мәдениеттілікті талап ететін қызметтің күрделі түрлерін орындаудағы қабілеті деген мағынада ашылған.

Құзырлылық-танымдық, пәндік-практикалық, тұлғалық тәжірибенің күрделі пайымдамасы.

«Құзырлылық» ұғымының қазақ тіліндегі түсіндірмесі «жасай алу» деген мағынаны білдіреді. «Competent» сөзі французша «компетентті» «заңға сай», латынша «сай болу», «қабілетті», «талап қою», «жарамды», ағылшынша «қабілетті» деген мағынаны білдіреді.

Психологиялық сөздіктерде бұл ұғымға қатысты «компетенттілік және тұлғаның қоршаған ортадағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай алу қабілеті» деген түсінік берілген. Осы «компетенттілік» шетелдік түсіндірме сөздікте меңгеруші ретінде қарастырылған.

«Компетенттілік» ұғымының мазмұны мынадай:

- Компетенттілік меңгерген, заңға сәйкес;
- Белгілі бір саланы білетін тұлға.

Компетенция – оқудың және өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасатын, білім мен тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген жалпы қабілеттері.

Компетенцияның түйінді құраушысы біліктілік болып табылады. Профильдік оқытудағы компетенттілік тәсіл оқыту нәтижесі ретіндегі білім сапасын қамтамасыз етеді және білім мазмұнынан білім, біліктілік, дағдыға, шығармашылық іс-әрекет тәсілдері мен эмоционалдық құндылық қатынастар тәжірибесіне негізделген түйінді компетенттіліктерді бөліп қарастырайық.

Түйінді компетенттіліктердің құрылымы төмендегідей бөлінеді:

Өзіндік танымдық іс-әрекет саласындағы базалық компетенциялар.

Олар: оқу, жазу, есептей алу, сөйлей алу, және түрлі жиындарда өз ойын басқаларға жеткізе алу, оқу іс-әрекетінің нәтижелерін талдай алу, әртүрлі ақпарат көздерінен білім жинақтап білуді меңгерту жатады (кітаптан, газет-журналдардан, теле-радиохабарлардан, интернеттен т.б.)

– Мәдени іс-әрекетіндегі компетенцияларға бос уақытын өзінің рухани және мәдени дамуы үшін пайдалана білу (көркем әдебиеттер оқу, түрлі лекциялар мен баяндамалар тыңдауға қатысу, олимпиадалар, байқаулар, конференциялар) жатады.

– Тұрмыстық саладағы компетенциялар: жеке гигиенаға, өзденсаулығын нығайтуға, отбасы тұрмысына қатысты мәселелер.

– Әлеуметтік еңбек іс-әрекеттері саласындағы компетенциялар – бұл оқу еңбегін ұйымдастыра білу дағдысы, ұжымдағы өзара қарым-қатынасы этикасы, өз мүмкіндігін бағалау, жауапкершілік жүгін арқалай білу.

– Әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің ұлттық білім беру жүйесінің біздің еліміздегі білім беру жүйесінен айырмашылығы мынада:

– Оқытудың кіріктірілген мақсаттары пәндік мақсаттарға қарағанда басым;

– Оқытудағы іс-әрекетінің тәсілі қарапайым біліктілік пен дағдыларды ығыстырған;

– Оқытудың компетенттілік тәсілі қолданылады.

– Мектептегі білім беру сапасын бағалаудың жаңа жүйесіне көшу байқалады.

– Мұғалім мен оқушы арасындағы авторитарлық қарым-қатынастар оқу ісі әрекетіндегі бірлестікке, жұптастыққа айналған.

Бүгінгі таңдағы елімізде жүріп жатқан экономикалық-әлеуметтік дамулар келешек ұрпаққа білім берудің мақсаттары мен мазмұнын түбірімен жан-жақты қайта ойластырылып, жаңа сапаға жету міндеттерін көздейді. Сондықтан білім беру саласындағы өзгерістер жеке тұлғаны қалыптастыруға, оқу үрдісіне тиімді әдіс-тәсілдерді іздестіруге, баланың шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін дамытуға, адамгершілік пен салауатты өмір салтын берік ұстануға бағытталуы тиіс. Міне осы орайда, 12 жылдық жалпы орта білім берудің мақсаты мен мақсатына сәйкес негізгі құзырлығы айқын да анық көрсетілген.

12 жылдық жалпы орта білім берудің басты мақсаты: өзінің және қоғамның мүддесіне өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзіретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Осы белгіленген мақсатқа сәйкес білім беруден күтілетін нәтижелері мектеп түлегінің негізгі құзырлығы төмендегіше анықталады:

Құндылықты-бағдарлы құзіреттілік-өмірдегі түрлі жағдайларда шешім қабылдай білу, өзінің Отаны Қазақстан патриоты болу, саяси жүйені түсіну, азаматты белсенділігін көрсету.

– Мәдениеттанымдық құзіреттілік – адам мен қоғамның дамуындағы ғылымның рөлін түсіну, этномәдениеттілік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани білу.

– Оқу танымдық құзіреттілік – оқушының зерттеу әрекеті мен өзіндік оқу-танымдық процесін қамтамасыз ететін кешенді құзырлығы.

– Коммуникативті құзіреттілік-адамдармен өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуын қарастырады.

–Ақпараттық-технологиялық құзіреттілік – бағдарлай білу, білім мен ақпараттық технологиялар мен техникалық объектілердің көмегімен жеткізуді жүзеге асыра білу.

–Әлеуметтік-еңбек құзіреттілік-әлеуметтік қоғамдық жағдайларға нақты талдау жасай білу, шешім қабылдай білу.

–Тұлғалық өзін өзі дамыту құзіреттілік- өзінің мүмкіндігін нақты перспективалық жоспарлаумен салыстыра білу, өзінің өмірі мен ісіне жауапты қарау.

Бұл құзіреттілік тәсіл 12 жылдық мектепте жаңа тәсіл болып табылады және мектеп түлегінің өзгермелі жағдайда әлеуметтік икемділігі мен әрекетін жүзеге асыру қабілетінде пайда болатын оқушылардың сапалық кешенін дамытуды көздейді.

Соңғы уақыттарда елімізде білімге деген көзқарас өзгерді: бұрын ғылым-өндіріс-білім деп қарайтын болсақ, қазір мәдениет-білім-тарих деп қарайтын болды. Бұдан орта білім берудің мақсаты нақтыланды: алған білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде өмірдің өзгермелі жағдайларына еркін бағдарлай алатын, өзінің алған білімін қолдана алатын, өзін-өзі дамытуға және адамгершілік тұрғыда өз бетінше дұрыс, жауапты шешім қабылдауға қабілетті тұлға қалыптастыру.

Білім мазмұнын игерудің және оқушылардың оқу үрдісінің түрлі кезеңдерінде өздерінің жеке мүмкіндіктеріне, талпыныстары мен оқыту мақсатына сәйкес дамуының белгілі бір деңгейі оқыту сапасы деп аталады.

Ал білім беру сапасы дегеніміз-бұл білім берудің белгілі бір нормалар мен стандарттарға және оқушылардың дайындық сапасын сипаттайтын мүдделері мен қажеттіліктеріне сай болуы.

Білім сапасын бағалаудың мынадай тәсілдері бар:

–Білім сапасын бағалау тәсілдері оқылған материалдарды және формулаларды қолдануды бақылауға негізделген, яғни бақылау-бағалау құралдарын білімді репродуктивті түрде меңгеруді, алгоритмдік білім мен біліктілікті тәжірибеде тексеруге бағдарлау.

–Білім беру процесін түйінді компетенттіліктерді қалыптастыруға бағдарлау.

–Компетенттілік дегеніміз – оқыту нәтижесінде алған білім мен біліктілікті тәжірибеде қолдана алу қабілеттігі.

–Қандай нәтиже алу керек екендігін анықтап алу. Енді оқытудағы оқушының сапалық сипаттамасының құрамдас бөлігі ретіндегі базалық компетенциялары мен дағдыларының кең ауқымдағы сипаты түрінде нақтыланған мақсат оқытудың күтілетін нәтижелерін білу.

–Оқытудың күтілетін нәтижелеріне бағытталған әдістемені былайша сипаттауға болады.

–Қандай нәтижеге жеткенімізді анықтау.

–Жеткен нәтиже мен жоспарланған нәтиже арасында алшақтық байқалса, онда оқыту нәтижесіндегі проблемаларды анықтау.

–Оқыту нәтижелерінің проблемалары оқу-тәрбие процесіндегі қандай кемшіліктерге байланысты туындады (бағдарлама дұрыс құрылған ба?, әлде әдістеме жеткіліксіз бе? Оқу-тәрбие үрдісі дұрыс ұйымдастырылған ба? т.б.)

–Тәрбие процесіндегі кемшіліктер неге байланысты екенін анықтау.(кадр мәселелері, ғылыми-әдістемелік, материалдық техникалық қаржы, нормативтік-құқықтық және т.б.)

–Оқу-тәрбие үрдісіндегі проблемалар басқару жүйесіндегі қандай кемшіліктерге байланысты туындап отыратындығын анықтау.

Мұғалім кәсіптік түрде дұрыс жасалған қорытындылар арқылы жоғары деңгейдегі талдау іс шараларды жасауға дайын болуы керек.

Профильдік мектеп мұғалімнің кәсіптік шеберлігі төмендегідей талаптарға сай болуы керек.

Профильдік мектептің мұғалімінің кәсіптік шеберлігін, құзырлығын анықтайтын талаптарды төрт топқа бөлуге болады:

1. Ұйымдастыру. Профильдік мектептегі кәсіптік жұмысы бойынша мұғалімнің білім, білігі; қысқа мерзімде мұғалімнің дұрыс шешім қабылдау; нормативті-құқықты және әдістемелік құжаттарын бағдарламалар, ұсыныстар ретінде жасай білу.

2. Ақпараттық. Мектептің ауқымды мәселелері бойынша ақпаратты білу және жаңа ақпараттық технологияларды қолдануда қажеттілігін сезіну.

3. Бағытталған немесе диагностикалық. Оқу үрдісінің жағдайын және нәтижесін зерттеуде алға қойылатын іс-әрекеттің бағдарламасын құру, оны арнайы мәселелерге бағыттау, қойылған мақсаттарға қол жеткізу.

4. Мұғалімнің кәсіптік шеберлігін, құзырлығын үздіксіз арттыру, жетілдіру.

Мұғалімнің құзырлығын арттыруда, мұғалімді тұлға ретінде қалыптастыру оның шығармашылық мүмкіндіктерін және рухани-құқықты потенциалын ашуда профильдік мектептегі әдістемелік қызметінің негізгі міндеттері болып саналады.

Қорытындылай келгенде, профильдік мектептегі мұғалімнің құзырлығын дамыту мен бағалауда төмендегідей факторларды атап өтуге болады:

– мектепті басқарудағы демократиялық бағыты

– мұғалімді бағалайтын әкімшіліктің кәсіптік шеберлігі

– бақылаудың ынталандыру түрлері

– диагностикалаудың үздіксіздігі

– мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруына жағдай жасау, педагогикалық кадрларды басқарудың практикасына материалды жағынан ынталандыру түрлерін енгізу.

Профильдік оқыту бүгінгі күн талабынан туындап отырған мәселе. Қалай болғанда да кәсіпқой мұғалім өз пәнін жетік біліп қана қоймай, әрбір қатынасушының педагогикалық үдерістегі орнын білуі керек. Оқушылардың оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыра алуға қабілетті болып, оның нәтижелерін алдын-ала болжамдап көре білуі тиіс, болуы мүмкін ауытқушылықтарды дер кезінде түзете алуы, яғни құзыретті тұлға болу керектігіне назар аударылады.

Жаңа ғасыр табалдырығын аттап, болашақ ұрпағымызды білімді де, тәрбиелі болуы үшін мақсатты түрде осындай кезекті мәселелердің маңыздылығын дер кезінде қолға алғанымыз абзал. Ертеңгі Қазақстанның тізгінін ұстайтын, басқа елдермен достық қарым-қатынасты жалғастыратын ұлағатты жастарды осы бастан қалыптастырып, оларға заман талабына сай білім мен тәрбие беру аса маңызды. Дүние жүзінде қалыптасқан өркениетті елдермен терзесін теңестіру-келешек білімді жастардың қолында. Ал, оларға бағыт бағдар беру бүгінгі білім беру ісіне тікелей байланысты.

Әдебиеттер:

1. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық табиғаты-тұлғаның өздік дамуында – Алматы 2006.
2. Қазақбаева Д., Ш.Кәрібаева Компенеттік тәсіл білім сапасын қамтамасыз етудің басты шарты //Физика және астрономия №2-3 2004ж.
3. Тұрғынбаева Б.А.. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуметін білікті арттыру жағдайында дамыту теория және тәжірибе – Алматы, 2005, 84бет.
4. Шишов С. Понятие компетенции в контексте качества образования //Современная школа, 1999, №1, стр. 82-83.
5. Лебедев О.Е. Компетентностный подход в образовании //Школьные технологии 2004, №5 стр.3-13.
6. 12 жылдық жалпы орта білім беру бағдарламасы.

Аннотация

В данной статье, автор раскрывает сущность понятия компетентность учителя профильной школы.